

Бекітілді:  
Педагогикалық кенеспен  
«29» таңыз 2022ж  
№ 1 хаттама  
ЖШС «Күншуак» балалар бақшасы  
менгерушісі С. Беркиншенова



05-01

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу  
бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық  
жоспары

«Арман» тобы

Тәрбиешілері: Қалтай Айдын  
Сапархан Фариза

2022-2023 оқу жылы

Бекітілді:

Педагогикалық кеңеспен

«18» науза 2022ж

№ 1 хаттама

ЖШС «Күншуак» балалар бақшасы  
менгерушісі Алсашы С.Беркиншенова

**«Арман» ересектер тобының 2022-2023 оку жылына арналған  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС ӘРЕКЕТ КЕСТЕСІ**

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	жүктемесі
Дене шынықтыру	Дүйсенбі Сәрбенбі Бейсенбі күн сайын
Сөйлеуді дамыту	күн сайын
Көркем әдебиет	күн сайын
Қазақ тілі	күн сайын
Математика негіздері	күн сайын
Құрастыру	күн сайын
Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
Сурет салу	күн сайын
Мүсіндеу	күн сайын
Жапсыру	күн сайын
Музыка	Сейсенбі, Жұма күн сайын

Әдіскер: А.Абдукаримова


**Бекітілді:**  
**Педагогикалық кеңеспен**  
**«18» 2022ж**  
**№ 1 хаттама**  
**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы**  
**мендерушісі С. Беркиншенова**

**«Арман» ересек тобы**  
**2022-2023 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Күн тәртібі мазмұны</b>	<b>Уақыты</b>
1	<b>«Сәлеметсіндер ме, балалар!»</b> Таңертеңгілік қабылдау, жаттығу, гигиеналық шаралар, таңғы ас. Топтық қарым – қатынас: қызықты, қысқа және ұзак мерзімді іс-әрекетін бірігіп жобалау. Ойындар үйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық.	8:00 – 9:15
2	<b>«Ойнайық та, ойлайық!»</b> Ұйымдастырылған оқу қызметтері (үзілістермен бірге жалпы ұзактығы.) Үлкендердің балалармен біріккен қызыметі.	9:15-9:45 9:45-10:15 10:15- 10:45
3	<b>«Табиғат аясында»</b> Серуенге дайындық. Серуен, табиғатпен таныстыру, ойындар, еңбек, серуенен қайту. Гигиеналық шынықтыру шаралары.	10:45-12:25
4	<b>«Ас – адамның арқауы»</b> Түскі ас	12:25 - 13:00
5	<b>«Тәтті ұйқы»</b> Гигиеналық және шынықтыру шаралары. Жатқызу және түскі үйқы.	13:00 -15:15
6	<b>«Ұйқымызды ашайық»</b> Ояну, шынықтыру шаралары. Бесін ас	15:15-16:00
7	<b>«Алақай, ойын!»</b> Сюжеттік-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар. Серуенге дайындық, серуен, қимылды ойындар. Серуеннен қайту. Гигиеналық және шынықтыру шаралары. Балалардың еркін өзіндік іс-әрекеті.	16:00-18:00
8	<b>«Ертеңге дейін»</b> Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Балалардың үйге қайтуы.	18:00-18:30

Әдіскер:   
**А. Абдукаримова**  
 Медбике:   
**Э. Музапбар**

Бекітемін:

ЖШС»Күншуақ»балалар бақшасының

менгерушісі  Беркиншеноға.С



2022-2023 оку жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде  
ересек топ балаларына арналған

**ҮЙЫМДАСТАРЫЛҒАН ІС-ЭРЕКЕТТІҚ  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

«Арман» ересек тобы

**Қыркүйек айы**

	<b>Үйымдастырылған іс-эрекет</b>	<b>Үйымдастырылған іс-эрекеттің міндеттері</b>
Қыркүйек айы	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> <b>Жүру.</b> Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жанжакқа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Тепе-тендікті сақтау.</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренененің бойымен жүру. Қолды екі жакқа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. <b>Сөздік кор.</b></p>

	<p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байту.</p> <p><b>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</li> </ol> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p><b>Келесі дағдыларды жетілдіру:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) байланыстырып сөйлеу;</li> <li>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат</li> </ol>
Көркем әдебиет	<p><b>Оку, әнгімелеу.</b></p> <p>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әнгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p><b>2) театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:</b></p> <p>-түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу;</p> <p><b>3) адамгершілік нормалары туралы түсінік</b></p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас;</li> </ul>
Қазақ тілі	<p>Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әнгімекұрастыруға үйрету, сөздік қорын байту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айтуды; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіруды; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ак-қара, ұлken-кішкентай). (Балабаша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз)</p> <p>Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Кандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру.</p> <p>«Ә», «Ү», «Ы», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, менгеруші, жақсы, жұмыс істейді)</p> <p>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Откен</p>

	<p>сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, конжық, сұр, қоңыр, жолак, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)</p> <p>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Казақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атав. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, ушеу, мейрімді)</p>
Математика негіздері	<p><b>Жиын</b></p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен кою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p>
Коршаған ортамен	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b></p> <p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру(«Мен кішкентай болым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атая білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімеледеу,</p> <p>өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру</b></p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылышпен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыш бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сактау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану,</p>

	командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.
Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу.</b></p> <p>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.</p> <p>Келесі біліктерді қалыптастыру:</p> <p>әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың қиылышын жүргізе білуді үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу:</b></p> <p>қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сәндік сурет салу.</b></p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту</p>
Мұсіндеу	<p><b>Заттық мұсіндеу.</b></p> <p>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мұсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p><b>Сюжеттік мұсіндеу.</b></p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p><b>Сәндік мұсіндеу:</b></p> <p>балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру:</b></p> <p>1) қайшины дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзусызықпен алдымен қыска содан соң ұзын жолақтарды қиоды үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b></p> <p>1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу,</p> <p>заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;</p> <p>көлденеңін қио, шаршыдағы бұрыштарды қиоды бекіту.</p> <p><b>Сәндік жапсыру.</b></p> <p>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру</p>

	дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.
Музыка	Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру;

Бекітімні:

ЖШС»Күншуақ»балалар бакшасының

менгерушісі  Беркіншевова.С

2022-2023 оқу жылды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлғілік оқу жоспары  
және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлғілік оқу бағдарламасы негізінде  
ересек топ балаларына арналған

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҚ  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

«Арман»ересек тобы

Қазан айы

A й ы	ҰЙЫМДАСТЫ РЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ	ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС- ӘРЕКЕТТІҚ МІНДЕТТЕРІ
Қазан айы	Дене шынықтыру	<p><b>Тепе-тендікті сақтау.</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір- бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p><b>Жүгіру.</b> Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдаш жүгіру, сапта бір-бірден, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру;</p> <p>орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p>

Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету;</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, түн, жаңбырлы, бұлтты, сарғаяды)</p> <p>«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан, қауын, қарбыз, дәруменді)</p> <p>Көкөністердің атауларын бекіту, «Қайда?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беруді үйрету. «І», «Қ», «Ү», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (бұрыш, шалқан, қырыққабат, асқабак, сарымсак, бақшада, өседі, жинайды)</p> <p>Апта күндерімен танысу. Балаларды жатқа айтуға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. (Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)</p>
Математика негіздері	<p><b>Сан, санау</b></p> <p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, тендік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тұра және кері санауға жаттықтыру.</p>

Коршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын манайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p>Коршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыш материалдарынан құрастыру</b></p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді қолденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыш бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыш бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылышпен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыш бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.</p>
Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу.</b> Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу:</b></p> <p>Коршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, түрмистық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Сәндік сурет салу.</b></p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы,</p>

	<p>тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Мұсіндеу	<p><b>Заттық мұсіндеу</b> Ермексаздың, сазбалышықтың, қамырдың кесектерінен мұсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:</p> <p>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;</p> <p><b>Сюжеттік мұсіндеу.</b></p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p><b>Сәндік мұсіндеу:</b></p> <p>Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мұсіндеуге үйрету;</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру:</b></p> <p>2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиоға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сұлгіні қолдануды үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b></p> <p>2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді кио дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлдененен кио, шаршыдағы бұрыштарды қиуды бекіту.</p> <p><b>Сәндік жапсыру.</b></p> <p>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p>
Музыка	<p>Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.</p>



Бекітемін

ЖШС «Күншуақ» балалар бағшасының  
менгерушісі Беркіншеноған С.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке деэінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс – әрекеттің  
перспективалық жоспары  
«Арман» ересек тобы  
Қараша айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.</p> <p>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшени айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынга қою.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> адымдал жүру адымдал жүгіру жүргіру етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай енбектеу; бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру; заттарды қашықтыққа лактыру (3,5–6,5 метрден кем емес), тақтайдың бойымен тепе-тендікті сақтап бойымен журу бір-бірінің жанына сапқа және шенберге тұру.</p> <p><b>Үрғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу. Спорт залда</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, елтілік) дамыту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> «Денсаулық - зор байлық» сезінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзага әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> Балалардың доптармен, қозгалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға</p>

	<p>ынталандыру</p> <p><b>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамактанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамактану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамактанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамактанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ журу. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: түрмистық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұраптар қоюға және қойылған сұраптарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тындауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұраптарға жауап беруді, ересектермен бірге ертеғі мен әңгіменің басын, сонын ойдан құрастыруға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><b>Сөздік қор</b></p>

	<p>Түстық қарым-қатынасты («сіңлі», «женге», «жезде», «нагашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқигалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуғе үрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>оыйнышқтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиганы ойлап табуға баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді менгерту.</p> <p><b>Сан, санау:</b> Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алғып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үрету.</p> <p><b>Шама:</b> Биіктігі бойынша екі затты салыстыру</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> Геометриялық фигуналарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды он қолмен солдан онға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық түр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Тәулік бөліктері (танертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «көртөн» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Коршаған органың әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, оыйнышқтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Дөңгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік»</p> <p>элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту .</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін

	<p>құрастырып, содан кейін оны желімдеуді менгерту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:</b> Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b> Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> Шығармашылық киялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен),</p> <p><b>Ән айту:</b> Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуда, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қимылдар:</b> Музыканың ыргағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіруді үйрету</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сылдырмактарды колдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p><b>Билер:</b> Музыканың сипатына сәйкесқимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> Коршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралытусініктерін көңейту.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b> Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.</p>

**Менің Отаным – Қазақстан.**

Отанды сүюгे, патриотизмге тәрбиелеу.

**Жолда жұру ережелері.**

Көлік түрлери, жол бөліктегі (тrottuar, жолдың жұру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жұру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**

Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.

Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

**Өсімдіктер әлемі.**

Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.

**Жануарлар әлемі.**

Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозгалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын менгеруіне ықпал ету.**

Мінез-құлық мәдениеті мен сырттай қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сырттай түрде білдіру, көрсеткенқызыметі үшін алғыс айтуду.



**Бекітемін:**  
**ЖПС»Күншуак балалар бақшасының**  
**Менгерушісі**  **Беркиншенова.С**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуын үлгілік оқу жоспары және**  
**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**  
**негізінде 2022 –2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**  
**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Арман» ересек тобы**  
**Желтоқсан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Тепе-тендікті сактау. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p>Еңбектеу, өрмелеву. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.</p> <p>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Кімылды ойындар: Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі.</p> <p>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қымылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор:

	<p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бүйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Қыс тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; байланысты тілді дамыту;</p> <p>сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Қ», «Ы», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету.</p> <p>Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (қыс айлары, аяз, қырау, боран, желтоқсан, қантар, акпан, сырғанақ, шана, коńьки)</p> <p>Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Рәміздерді жатқа айтуға тәрбиелеу. (Елтаңба, рәміздер, мұз айдыны, жаңа жыл, мереке, акшақар, сыйлық) «Мынау не?» «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.</p>
<b>Математика негіздері</b>	сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; <p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүпшен қою арқылы оларды санамай-ак салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p>

	<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<p>Мениң Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауга тәрбиелеу.</p> <p>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскери туралы ұғымдарын көңейту. Отанды суюге, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу:</p> <p>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: наң салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою.</p>
	<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.
	<b>Сурет салу</b>	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
	<b>Мұсіндеу</b>	<p>Заттық мұсіндеу</p> <p>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мұсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:</p> <p>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;</p> <p>Сюжеттік мұсіндеу: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p>

		<p>Сәндік мұсіндеу: Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін көңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнeler жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бүйімдарының желісі бойынша ыдыстарды мусіндеуге үрету;</p>
	<b>Жапсыру</b>	<p>Заттық жапсыру:</p> <p>текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиоға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сұлгіні қолдануды үрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қио дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды қолденеңін қио, шаршыдағы бұрыштарды қиоды бекіту.</p> <p>Сәндік жапсыру: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p>
	<b>Музыка</b>	<p>Ән айту:</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуда үрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алушы дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғакты қимылдар:</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғакты журіспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай женіл, ырғакты жүтіру;</p>



**Бекітімін:**  
**ЖШС»Күншуақ балалар бақшасының**  
**Менгерушісі *М.Аманов*** **Беркиншенова.С**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және**  
**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы**  
**негізінде 2022 –2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған**  
**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
**«Арман» ересек тобы**  
**Қантар айы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс –әрекеті</b>	<b>Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері</b>
	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Енбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен аудиспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;</p> <p><b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сзықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу.</b> Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденен қойылған нысанана (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысанан ортасының биіктігі 1,5 м) нысанана лақтыру;</p> <p><b>Кеудеге ариалған жаттығулар</b> Екі қолды белге қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға енкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p>
	<b>Сойлеуді дамыту</b>	Сөздік қор:

		<p>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысуышы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаши айтуда, жұмбак шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Тірек сыйбасымен жұмыс істей отырып сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Ү», «І», «Ұ», «Қ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Қаймак, ірімшік, жұмыртқа, күріш, балық, сорпа) Ұлттық тағамдар атауларымен таныстыра отырып «Азық-түлік» тақырыбы бойынша сөздік қорларын көңейту; Ұлттық тағамдардың пайдасы туралы мәлімет беру. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.</p> <p>Үйдистардың атауымен таныстыру, сөздік қорларын толықтыру; «Мынау нे?», «Неше?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Ы», «Қ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (табақ, ожау, кәстрөл, ожау, таба, шелек) көліктер атауларымен таныстыру; сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. «Қандай?», «Не істейді?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру мүмкіндіктерін бекіту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. (Көлік, ауа көліктері, су көліктері, жер көліктері, женіл машина, қайық, жүреді, қала, көше, бағдаршам, гүлзар, саябак)</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p>Шама</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы</p>

		бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын көнестігі. Жабайы андар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоныздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоныздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылыштауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоныздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (коныз, көбелек, шыбын, құмырска), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын көнестігі.
	<b>Құрастыру</b>	Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	<b>Сурет салу</b>	Дөңгелек, сопак, шаршы, ұшбұрыш пішіндеңі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;
	<b>Мұсіндеу</b>	Заттық мұсіндеу: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртурлі тәсілдерді

	<p>қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттын, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік мұсіндеу:</b></p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p><b>Сәндік мұсіндеу:</b></p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Заттық жапсыру:</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b></p> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, есімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, түрмистық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b></p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны</p>

құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен  
заттарды қиоға немесе өзбетінше ойдан  
қып жапсыруға мүмкіндік беру.  
Шығармашылық қиялды дамыту.  
Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сактау,  
жұмысты

## Музыка

Ән айту:  
Әуенде таза және сөздерді анық айтуда,  
музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.  
Аспаптың сүйемелдеуімен және  
сүйемелдеуінсіз ән айтуда баулу.  
Музыкалық-ырғакты қимылдар:  
музыканың ырғагын нақты бере отырып, қос  
аяқпен еркін және женіл секіру, қимылдарды  
музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп  
отыру, музыканың екінші бөлігінде  
қимылдарды өзгерту, музыканың қөнілді,  
ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны  
бойынша таныс әндерді сахналуға баулу,  
музыканың ырғагына сәйкес әртүрлі  
қарқынмен секіру.

**Бектемін;**  
**ЖШС»Күншуак балалар бақшасының**  
**Менгерушісі *Менгерушісі*** **Беркиншенова С.**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлттық оқу жоспары және  
 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлттық оқу бағдарламасы  
 негізінде 2022 –2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
 іс-әрекеттің перспективалық жоспары  
 «Арман» ересек тобы  
 Ақпан айы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс –әрекеті</b>	<b>Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері</b>
	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу.</b>          Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу;</p> <p><b>Кеудеге арналған жаттығулар</b>          Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалынта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру.</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі:</b>          Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзага түсетін салмақты реттеу. Ая-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қымылдарды орындауды үшін жағдайлар жасау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>          Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөздік көр:</b>          Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, он, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p><b>Фонематикалық естуді дамыту:</b></p>

		белгілі бір дыбыстан басталатын сездерді есту арқылы ажыратада білуге және атауға үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнау.
	<b>Қазақ тілі</b>	сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Мынау не?» «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. «Қ», «І», «Ү», «Ы» дыбыстарының айтылуын үйрету.(төлдер, құлын, лақ, күшік, үреді)тақырып бойынша сөздік қорларын көнектізу; тірек сыйбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту;«Ғ», «І», «Ә», «Ү» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сездерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Жабайы құстар, құстар, тоқылдақ, торғай, қарға, қонады)
	<b>Математика негіздері</b>	Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қыскалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең).
	<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	Өлі табигат құбылыстары мен заттары: Табигат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршак, кемпіркосақ, боран және т.б.) көнектізу. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (сүйк, жылы, күн шуакты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің сүйктығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен қлиматтық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстаниң түрлі

		<p>аймактарында ауа райының турліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбекке баулу:</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладагы гулдерді суару, қыстайтын құстарды коректендіру және т.б.</p>
	<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиғи (макта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпактың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауга ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
	<b>Сурет салу</b>	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауга ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p>
	<b>Мұсіндеу</b>	<p>Заттық мұсіндеу: Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Сюжеттік мұсіндеу</p> <p>Казақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу.</p> <p>Сәндік мұсіндеу:</p> <p>Дайын мұсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
	<b>Жапсыру</b>	<p>Заттық жапсыру: Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> <p>Сюжеттік жапсыру:</p>

	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиоға немесе өзбетінше ойдан қып жапсыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту.</p>
Музыка	<p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p>



**Бекітемін:**  
**ЖШС»Күншуак балалар бақшасының**  
**Менгерушісі** *Berkin Sheneva* **Беркиншенона.С**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және**  
**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы**  
**негізінде 2022 –2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған**  
**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
**«Арман» ересек тобы**  
**Наурыз айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс –әрекеті	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
